

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 14 қыркүйекте № 12057 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі 310 қаулысының 17-тармағының 376) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынаған:

1) Уран кен орындарын қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының құбыр желісі өтетін жерлерде жаппай кесуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін тыйым салынсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 12.04.2016 № 108 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2016 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.12.2018 № 17-5-6/326 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.03.2019 № 17-5-6/82 бұйрықтарымен.

2. Облыстар әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;
2) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдыларын плантацияда өсіру бойынша, сондай-ақ жекеше орман өсіру үшін жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жер учаскелерін беру бойынша жұмыс ұйымдастырсын;

2-1. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциялары осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасалуын қамтамасыз етсін.

3) жыл сайын 10 маусымға және 10 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне ормандарды ағаштың заңсыз кесілуінен қорғау жөнінде қабылданған шаралар және ағаш пен бұта тұқымдыларын плантацияда өсіру туралы ақпарат беріп тұрсын.

Ескерту. 2-тармақ 2-1-тармақшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Төрағасының м.а. 30.11.2016 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Орман шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитетінің төрағасы*

Б. Азбаев